



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,  
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,  
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің  
85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана 17 наурыз 2023 жыл**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

*Редакция алқасын басқарған:* Сыдықов Е.Б.

*Редакция алқасы:* А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),  
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

табылады. Сөйлеу айтылымының осы белгілеріне сәйкес, атап айтқанда, субъектілік-семантикалық сарқылуы, адрестелуі және толықтығы, айтылымның негізгі белгісі сөйлеуге қатысушыларға бағыттылық (сөйлеушінің позициясын айту және әңгімелесушінің реакциясы туралы білімін есептеу) болып табылады.

Сөйтіп, қазақ детективті прозасының ерекшеліктері Кемел Тоқаевтың «Сарғабанда болған оқиға» повестінің негізінде, соның ішінде тілдік-стильдік ерекшеліктері негізінде талданды. Осыған орай Кемел Тоқаевтың қазақ әдебиетінде және қазақ тіл білімінде ойып алардай өзіндік орны бар деген тұжырымға келеміз. Әлем әдебиетінде Артур Конан Доил, Агата Кристилерден бастау алып, 20 ғасырда қазақ әдебиетінде Кемел Тоқаевтар тұсында криминалистика, детективтік жанры қазақ әдебиетінен алғаш рет орын алып, аталмыш жаңашыл жанрдың лингвистикалық сипаттары назарға ілінді. Сонымен қатар, тіл мен әлеуметтік коммуникацияның қазақ детективтік прозасының мәтінтүзіміндегі алатын орны да ерекше маңызды. Демек, қазақ детективтік прозасындағы лингвистикалық және стилистикалық аспектілерінің дамуы, оларды анықтау барысында үлкен қадам болғаны анық.

### Әдебиеттер тізімі

1. Кемел Тоқаев. Таңдамалы, «Сарғабанда болған оқиға», 6-103-б.б.
2. С.Г.Терминасова. «Язык и межкультурная коммуникация»
3. В.А. Байко. «Детектив прозасының негізгі жанрлық белгілері»
4. <https://ru.citaty.net/avtory/artur-konan-doil/>
5. <https://ru.wikipedia.org/wiki/персонафикация>
6. <https://ru.citaty.net/avtory/artur-konan-doil/>
7. <https://qazaqadabiet.kz/16618>
8. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығына [Алматы, «Аруна Ltd.», 2010]

### ДІНИ ДАСТАНДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*КӘРІБАЙ Қ.С.,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
докторанты.  
Қазақстан, Астана қ.*

Діни дастандар – эпикалық жанрға жататын халық ауыз әдебиетінің бір тобы. Бұл эпостардың көбі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде жариялана бастады. Сол кезеңде діни дастандарды көпшілік алдында мәнерлеп оқып, насихаттау ерекше дәстүр болды және оны қиссашылар (қиссахан) орындады.

Діни эпостар – біздің бай мұрамыздың бір бөлшегі. «Киік», «Жұмжұма» сияқты шағын қиссалардан бастап, бірнеше оқиғалар сипатталатын «Зарқұм», «Салсал» тәрізді көлемді эпикалық жырларға дейін қазақ фольклорын өсіруге, дамытуға өзіндік үлес қосты. М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева, Б.Рақымов т.б. зерттеушілер эпос жайлы түрлі пікірлерін білдіріп, ой қозғап, тақырыптық тұрғыдан да, кезеңдік тұрғыдан да жүйелеудің жолдарын көрсете білді.

Діни дастандарға қатысты зерттеу жұмыстары соңғы жиырма жылдың ішінде көрініс таба бастады. Діни эпостарды эпикалық жыр тұрғысынан Р.Бердібаев, Ө.Күмісбаев, Б.Әзібаева сияқты ғалымдар қарап, араб-парсы және қазақ көркем шығармалары арасындағы әдеби байланысты қарастырды. А. Қыраубаева діни қағида заңдылықтарды жырлайтын туындылар жайлы сөз қозғап, діни ағартушылық тұрғыдан

зерттеуге болатынын айтып, ғылыми пікір білдірді. У. Қалижанұлы «Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым» атты еңбегінде ислам діні мен халық ақындарының мұрасы арасындағы байланысты жан-жақты зерттеп, былай тұжырымдайды: «Діни ағартушылық поэзия өкілдері діни схоластиканы уағыздаған жоқ, олар діннің ақ жолын қоғамның даму көзіне айналдырып, мұрат тұтқан, бүгінгінің тілімен айтсақ, ағартушылық қозғалыстың басында тұрады. Олар жалпыұлттық идеяға айналды. Егер қазақ халқының соңғы сексен жылдың ішінде оқу, білімге деген құмарлығы неге сөнбей отыр десек, сол идеяның жаңғыруының санаға сіңгенінің жемісі деп білген жөн. Ол процесс әлі біткен жоқ». Діни дастандарды зерттеген тағы бір ғалым – А. Жақсылықов. Ол «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» атты диссертациялық еңбегінде діни дастандардың жанрлық сипатына назар аударып, мифологиялық қолданыстардың қолданылуына тоқталады. Ол: «Книжная литература восточных кисса и дастанов, достаточно широко представленная в национальном искусстве слова XIX века, оказывала существенное влияние на развитие общественного сознания в Казахстане», – деген пікір айтады.

Қазақ фольклортану ғылымын жаңа деңгейге шығарған ғалымдардың бірі – Б.Әзібаева. Ол халық ауыз әдебиетіндегі діни эпосты ғылыми тұрғыда жүйелеп, шығармалардың ішкі мазмұнын зерттеп, олардың композициялық құрылымын, көркемдік ерекшеліктерін, кейіпкерлердің берілу тәсілдерін қарастырды. «Казахский дастанный эпос» атты еңбекте дастандарды төрт түрге бөледі: ислам тыйым салған іс-әрекеттер туралы, дастандар, мұсылман батырлары туралы дастандар, исламды тарату жолындағы дінсіздермен соғыс туралы дастандар, мұсылманшылықтың жолы, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар, төрт шаһарияр туралы дастандар. Ғалымның мына бір тұжырымында лингвофольклортанулық сыңай бар: «Главный метод создания дастанов – не использование общеполклорной поэтики, как-то: эпизация описываемых событий, героическая идеализация, сочетание конкретнобытовой достоверности со сказочнофантастическим и вымышленным; налицо тоже специфические дастанные параметры; индивидуализм и конкретизация; психологическая насыщенность, детализация и орнаментализация как при создании образов, так и при описании» [1].

Ғалым С.Қасқабасов діни дастандардың тақырыбы мен мазмұны ислам дініне, оның пайғамбарлары мен сахабаларына арналғанын, поэтикасы, кейіпкерлерді бейнелеуі, сюжеттік құрылымы дәстүрлі эпостардың аясында екенін айтады. Бұл дастандарды екі топқа бөледі: таза дінді уағыздайтын және мұсылман пайғамбарлары мен әулиелерінің өмірін, кей кезеңдерін баяндайтын дастандар. Бірінші топтағылар көркемдігі жоғары, сюжеті қызық, эстетикалық әрі эмоциялық әсерге толы болса, екіншісі ғұмырнамалық болып келеді [2, 38].

Діни дастандардың негізгі идеясы – исламды дәріптеу, оның артықшылығын үгіттеу және мұсылмандық өмір салтын орнықтыру.

Қазақ діни дастандарының қайнар көзі қайда жатыр деген сауалға ғалым Б.Әзібаева былайша жауап береді: «Религиозные дастаны по своему содержанию разнородны, но все они объединены исламской тематикой и идей. В большинстве из них для увековечения и идеализации мусульманских богатырей использовались архаические сказочно-эпические мотивы и сюжеты, общей для народов Востока и Запада, поэтика национального фольклора. Эти произведения обогащались художественным вымыслом, образа персонажей интерпретировались в духе народных представлений, целенаправленно и на всех уровнях привлекалась поэтика дастана. Именно такие произведения, как показал анализ, были наиболее популярны в народе»

[1,35]. Кез келген діни эпос ойда жоқта шығарыла салмаған. Әр дастанның өз шығу өзегі болған.

Діни дастандардың тарихын зерттеу арқылы, қазақ жерінде пайда болуын, қалыптасуын, дамуын, таралуын анықтасақ, мазмұнына үңілу арқылы тарихи оқиғалармен байланысын, мәтінін зерттеу кезінде көркемдігі мен тілін ашуға қол жеткізе аламыз. Ислам тарихынан түрлі деректерді білу арқылы, діннің болмыс-бітімін түсіне аламыз. Діни дастандардың халық ауыз әдебиетіндегі орнын, байланысын, өзге мұраларға әсерін анықтаймыз. Жалпы айтқанда, ел қазынасының елеулі бір бөлігін аша түсеміз.

Поэтикалық образ мәселесіне келгенде, әдебиеттанушылардың пікірінде оның тіліне себеп болатын жайттар айтылады. Ал Б.Әзібаева пікірінен көркемдік ерекшеліктерді бағдарлауға болатындай.

Діни эпостарды зерттеген тағы бір ғалым – М.І. Әбдуов. Ғалым діни эпостардың қалыптасуына ұйтқы болған жағдай дін мен дәстүрдің арасындағы үйлесімділік, ұлттық дәстүрдің діни эпостың бойынан көрініс табуында екенін айтады. Бірақ мұны басты белгі деп қарастыра алмаймыз. Негізгісі – исламның жалпы әдебиет әлеміне терең еніп, орнығуында және халықтың тұрмыс-тіршілігімен тұтастанып кетуінде. Қазақ дәстүріндегі үлкенді сыйлау, құрметтеу, анығырақ айтқанда, отырыста төрге шығу, иіліп сәлем ету, шегінім жол беру бұрыннан келе жатқан бабалардың ұрпаққа қалдырған аманаты болып саналады. Діннің бір өзегі осындай адамгершілік қағидаларымен тығыз байланыста болып келеді. Осы дәстүрлер ислам әлемінде де бар [3]. Бұл пікірден мәдени мәні бар жайттарды аңғарамыз. Ал мәдениеттің көрсеткіші тіл екені белгілі.

Бұл жолы біз діни дастандардың тілінен байқалатын ерекшеліктерге тоқталмақпыз, атап айтқанда, лексика-стистикалық құбылыстарды айқындамақпыз. Лексика-стистикалық құбылыстардың көрініс беруі көркемдеуіш құралдармен тікелей қатысты.

Діни дастандарда кездесетін көркемдеуіш құралдар халықтың көрікті ойының көрінісі десек болады. Теңеулік бейнелер, метафоралық бейнелер, эпитеттік бейнелер, түрлі қайталаулар сияқты сөз бейнелігі арқылы жасалған орамдар діни дастандарда да біршама кездеседі. Ондағы көркемдік ерекшеліктер әсем көмкеріліп, сөзбен образдар жасалады және олар барынша әсерлі жеткізуде қолданылған. Жалпы тіліміздегі көркемдеуіш құралдар - көркем сөзді басқа сөзден ажыратып тұратын тілдік бірліктер. Солардың ішіндегі көріктеудің бір түрі – ауыстыру (метафора). Бұнда сөзді өз мағынасында емес, басқа мағынада қолданамыз. Діни дастандардың ішінде «Қисса Зарқұм» жырында мынадай мысал кездеседі:

Екі жұрт қайран қалды осы бастан,  
«Әлемде жан болмас, - деп, - мұнан асқан».

Әли бірлән Жанәбіл – екі арыстан,

Төрт күн ұдай күресті шаршамастан [4, 34].

Бұл жердегі «Әли бірлән Жанәбіл – екі арыстан» жолында метафораны көріп тұрмыз. Әли мен Жанәбілдің мықтылығын, жігерлілігін арыстанға теңеп, сол сөзбен ауыстырып тұр. Күресте мықты болғандарын «арыстан» сөзімен ерекшелеп, әсерлі жеткізіп тұр.

Метафоралардың ішінде тек діни жанрда ғана қолдануға лайығы да кездеседі. Мысалы: Мұхаммед рахат тәжін киініпті [5, 65] . Бұл жерде дерексіз дүниеге деректі нақты затты тәуелдеу арқылы парадоксалды бейне жасалып тұр. Бұған себепті ислам дүниетанымындағы жұмақ, пейіш, рахат – дозақ, жаһаннам, азап ассоциациясынан іздеуге болады. Сонда «рақаттың ең бір биігінде» деген мағына шығады.

Метафорада астарлы, ауыспалы мағына екі нәрсенің ұқсастығы ретінде туындап жатса, метонимияда олардың айрықша белгісі, жалғастығы ретінде көрініс табады. Метонимия ойды ықшам жеткізу үшін және сөздің образдылығын көрсетуде қолданылады. Мысалы, «Қисса Салсал» жырында:

Хабар барса, қол жібер бізге, - деді,  
Дұшпан қатты көрінді көзге, - деді.  
Хатпен хабар айттым, сақтана көр,  
Бізді алған соң, ол бармақ сізге, - деді [6, 63] -

деген жолдар бар. Бұл жердегі «қол» сөзі «әскер» мағынасында алынған. Яғни жаудың келе жатқанына орай әскер жіберуді өтінген кезде осы жырда көп кездеседі. Бұл құралдар – қазақ көркем мәтінінде қалыптасқан, көп кездесетін құралдар.

Діни эпостың жанрлық ерекшелігіне орай келетін көркем қолданыстардың ішінде эпитеттің орны бөлек екені байқалады. Мысалы:

Мұхаммед рахат тәжін киініпті,  
Басына ләулік тәжін ораныпты [5, 65].

«Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» атты дастанда «ләулік тәж» деген мысал кездеседі. «Ләулік» деген асыл тастың түрі, яғни асыл тастармен өрнектелген тәж дегенді білдіреді. Бұл эпитеттің қазақ тіліне сіңгенін Естай Беркімбауұлының «Қорлан» әнінің қайырмасында Қорланды ләулік тасқа теңеуінен көреміз және мұның мағынасын айқындай түсеміз. Қорлан әнінің қайырмасы: «Бар ғаламды шарықта, Уа, дариға, ләулік тас. Бағдат, Мысыр, Шың, Машын, Іздесем Қорлан табылмас». Демек, ләулік тас жер-дүниеде табылмайтын тас болып шықты, Миғражда ғана болуы мүмкін.

А.Байтұрсынұлының айтуы бойынша, көріктеу – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Бір нәрсені көптеп айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтамыз. Солардың ішіндегі көріктеудің бір түрі – қазіргі эпитет сөздер.

Түкпірде алтын үйдің болат сарай,  
Кіргізді шаһзаданы қамау жерге [7, 203].

«Ғаза кітап Мұхаммед-Ханафия» жырында алтын үй, болат сарай эпитеттері кездеседі. Алтын мен болат сынды сөздер үй мен сарайдың сыр-сипатын бейнелі түрде танытып тұр.

Қазақ әдеби тіліндегі теңеулерді зерттеу жөнінде қазақ тіл білімінде біршама нәтижеге қол жетті және олардың жігі нақтылықпен ажыратылған. Белгілі бір халықтың көркем әдебиеті басқа халықтардың әдебиетінен, ең алдымен, өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Олай болса, әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын, көрнектеп беретін – көріктеу. Көріктеу нәрсені айыр көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсететін құрал – теңеу.

Фатима – әмір Омар шаһтың қызы,  
Туған айдай болады оның жүзі [8, 11].  
Адамзат, бола алмайсың Қожадай ер,  
Жолына нәдір айтып, садақа бер [8, 99].

«Сейітбаттал» жырында «туған айдай жүзі» мен «Қожа Баһауидин хазіретінің қиссасы» жырында «Қожадай ер» сияқты теңеулер кездеседі. Бұл жердегі теңеулер «дай» қосымшасы арқылы жасалған. Ғалым Т.Қоңыров бөлінісі бойынша, жырдағы

кездесетін «туған айдай» теңеуі күрделі теңеуге жатса, екінші «Қожадай» теңеуі жалаң теңеуге жатады.

Айшықтауда кездесетін қайталаудың қазірде әдебиет теориясында бірнеше түрі бар, соның бірі – анафора мен эпифора. Жырдағы сөз басында кездесетін анафораларға мысал келтіріп көрелік:

Уа және ат үстінде қоржын көрді,  
Уа және ер қасында шынжыр көрді [7,17].  
«Ғазауат Сұлтан» жырында «уа және» тіркесі берілген.

Кәуір Мұхамбетке айтады:  
- Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,  
Шытырманды аралай ұшады құр.  
Алдың ба азып іздеп, Мұхамбет,  
Кәне, киік келгені, кешігіп тұр.

Мұхамбет:  
-Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,  
Шытырманды аралай ұшады құр.  
Ақшам мен намаздыгер арасында  
Киік енді келеді, аялдай тұр.

- Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,  
Аралай шытырманды ұшады құр.  
Жіберші бұл киікті, кәуір, деймін,  
Сен өзің намаз оқып, мұсылман бол [7, 22].

Сондай-ақ «Киік» жырындағы «мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр» мысалы алынды. Бұл мысалдарда сөздің мәнерлілігін арттыру, сөз әсерін, айтар ойды күшейте түсу мақсатында бір сөз немесе сөз тіркесі қолданылған

Жылайды дауысы шықпай: - Өлмедім, - деп,  
Өкпелеп, хақ Пайғамбар, білмедің, - деп.  
Хасен менен Хұсайын екі ағам,  
Жан атам Әли Арыслан келмедің, - деп [7, 243].

Бұл мысалда өлең тармақтарында бір сөздің жол аяғында қайталануы байқалады, яғни «деп» қайталанып келуімен эпифора құбылысын көреміз.

Діни дастандарда кездесетін көркемдеуіш құралдар суреткердің ой елегінен шыққан сөз өнерінің ерекше үлгісі болмаса да, халықтың көрікті ойының көрінісі деуге болады. Жоғарыда аталған түрлі көркемдеуіш құралдар діни дастандарды әсемді әрі әсерлі жеткізуде қолданылған. Көркемдік ерекшеліктер діни әлемді көркем түрде жеткізуде қызмет етеді. Зайырлы әлемге тән көркемдік құралдардың өзі діни әлемді бейнелеуге арналады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1998. – 250 с.
2. Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: «Жібек Жолы», 2009. – 303 б.
3. Әбдуов М.І. Қазақтың діни эпосы: Діни эпостың типологиялық және поэтикалық мәселелері: Моногр. – Қарағанды: ҚарМу баспасы, 2006. -254 б.



- 4.Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.12. Діни дастандар. – 2004. – 299 б.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.11. Діни дастандар. – 2004. – 339 б.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.15. Діни дастандар. – 2004. – 320 б.
- 7.Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.10. Діни дастандар. – 2004. – 333 б.
- 8.Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.16. Діни дастандар. – 2004. – 301 б.

## Ә.БӨКЕЙХАННЫҢ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУ СӨЗДЕРДІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*ҚАЙДАРОВА Б.М.,  
Әлихан Бөкейхан университетінің  
докторанты.  
Қазақстан, Семей қ.*

**Түйіндеме.** Бұл мақалада автор лингвист ғалымдардың ой тұжырымдарын екшей келе, теңеу сөздердің стилистикалық қолданылу ерекшеліктеріне Ә.Бөкейханның аудармалары негізінде мысал келтіре отырып, өз ойын ортаға салады. Ол Ә.Бөкейханның қазақ тілінің шұрайын кіргізетін теңеу сөздер арқылы Л.Толстойдың «Хаджи-Мурат» повесін қазақтарға түсінікті тілмен жаңа реңк бергенін стилистикалық ережелерге сәйкесетіндігіне назар аудартты.

**Кілт сөздер:** стилистика, көркем әдебиет, бейнелеу тәсілдері, теңеу, Лев Толстой, Әлихан Бөкейхан, Мұхтар Әуезов, аударма, салыстыра талдау

**Аннотация.** В данной статье автор обобщает выводы лингвистов, приводит пример стилистического употребления сравнений на основе переводов А. Бөкейхана и представляет свое мнение. Он обратил внимание на то, что А. Бөкейхан придал новый тон рассказу Л. Толстого «Хаджи-Мурат» на языке, понятном казахам, посредством сравнений, вносящих суть казахского языка, что соответствует стилистическим правилам.

**Ключевые слова:** стилистика, художественная литература, изобразительные приемы, сравнение, Лев Толстой, Алихан Бөкейхан, Мухтар Ауэзов, перевод, компаративистический анализ

**Annotation.** In this article, the author summarizes the conclusions of linguists, gives an example of the stylistic use of comparisons based on the translations of A. Bokeihan, and presents his opinion. He drew attention to the fact that A. Bokeykhan gave a new tone to L. Tolstoy's story "Hadji Murad" in a language understandable to the Kazakhs, through comparisons that bring the essence of the Kazakh language, which corresponds to the stylistic rules.

**Keywords:** stylistics, fiction, visual techniques, comparison, Leo Tolstoy, Alikhan Bukeikhan, Mukhtar Auezov, translation, comparison

Қазіргі заманғы ғылым талдаудың жаңа ғылыми әдістерін жан-жақты әзірлеу бағытында дамуда. Көркем әдебиеттің идеялық мәні мен мазмұн ауқымы мәтін элементтерінің функционалдық байланыстарынан көрінеді. Қазіргі заманғы ғылым талдаудың жаңа ғылыми